

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ
БЕРУ УЎЗІРЛІГІ

ЎЖІНИЯЗ АТЫНДАГЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

4- курс студенті

Оспанов Жамбылдың

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: **«Оқушыларды мәтін түздіруге дағдыландыру»**

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к. А Пирниязова

Оқытушы : Т. Абдиреймова

Кафедра меңгерушісі: Доц. И.Дилманов

Нөкіс- 2008

Қорғауға ұсынылды

«_____» _____ 2008 жыл

Факультет деканы: _____ доц. К.Ташанов

Кафедра меңгерушісі: _____ доц. И. Дилманов

Ғылыми жетекші: _____ ф.ғ.к. А.Пирниязова

Оқытушы: _____ Т. Абдиреймова

Оспанов Жамбылдың «*Оқушыларды мәтін түздіруге дағдыландыру*»
тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация
комиссиясы қарарымен «_____» бағасы қойылсын.

«_____»

МАК бастығы:

МАК мүшелері:

доц. К.Ташанов

Доц. И.Дилманов

аға оқыт. Г.Мамбеткаримов

ф.ғ.к.Ш.Қудиярова

Оқушыларды мәтін түздіруге дағдыландыру

М А З М Ұ Н Ы

Автордың аннотациясы

К і р і с п е

І т а р а у

Мәтін және оның құрамдық ерекшеліктері

ІІ т а р а у

Мәтіннің мазмұндық тұтастығы

ІІІ т а р а у

Мәтін стилистикасы және оны талдауға үйрету

Қ о р ы т ы н д ы

К і р і с п е

Қазіргі кезде мектеп оқышыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібіне қойылуда. Ал сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу икемділіктерін дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың маңызы ерекше. Сондықтан баланы жазбаша сөйлеуге үйрету мәтін құрастырудан басталады. Демек, сөйлеу тілін дамыту үшін баланың мәтін туралы түсінігі мен оның құрастыра білу икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады.

Ой белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін байланыстырып сөйлем арқылы жасалатыны белгілі. Сөйлем - синтаксистің қарастыратын нысанасы. Сөйлем жай және күрделі болады. Яғни құрмалас сөйлемнің анықтамасы: «Екі я бірнеше жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді» деген пікірмен анықталады. Ал, бірнеше емес, ондаған сөйлемнің мәні де сол ізбен түсіндіріліп, оны қайырым (абзац) деп, мәтіннің мәні ашылмай жүр.

Сондықтан қазақ тілі білімінде, ғылыми әдебиеттерде, мектеп оқулықтарында мәтін туралы түрліше түсіндіру байқалады. Мәселен, мәтін түзетін қайырымды белгілі бір үзінді, жаңа ойдың басталуы десе, мәтін – сол шығарманың формасы деп те жүр.

Бұл пікірлерге қарағанда мәтін дегеніміз сөйлемдер арқылы жасалған шығарманың толық түрі, немесе мазмұнды бөлшегі екендігін байқаймыз. Олай болса, оқышыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек. Демек, мәтін түзе білу үшін, ең алдымен, мәтіннің мазмұнына сай сөйлемдердің құралатыны туралы білім қалыптастырылады.

Қазіргі кезде ойды жеткізудің функциялық жағына назар аударылып келеді. Осыған байланысты мәтін лингвистикасы деген сала қалыптаса

бастады. Сондай-ақ, мәтін лингвистикасы деген ат пен әр түрлі жанрларды талдаудан бастап мәтін стилистикасын зерттейтін ғылым пайда болды.

Ал мектеп оқыушыларының сөйлеу икемділіктерін дамытуда мәтін құрастыра білу - қажетті мәселе. Сондықтан, баланы шығарма жазуға үйретуден бұрын мәтін құрастыра білу икемділігі мен дағдысы қалыптастырылады. Ол үшін:

- ғылыми әдебиеттердің негізінде мәтіннің ерекшелігін ашу;
- мәтіннің құрылымын анықтау;
- мәтіннің жасалуы үшін оны құрайтын элементтерді сөйлем, қайырым ерекшелігін көрсету;
- мәтіннің түрлері туралы мәлімет беру;
- мәтін құрастыру туралы икемділіктері мен дағдыларын шығарма жаза білу шеберліктеріне ұластыру.

Сондықтан бұл құралдың мақсаты баланың өз ойын жүйелі жеткізе білу үшін сөйлеудің нәтижесі мәтін құрастыру дағдылары мен икемділіктерін жетілдіру болды. Сонымен бірге жоғары сыныптарда тіл туралы білімдерін көркем әдеби мәтін туралы түсініктермен байланыстырып, жазбаша сөйлеу шеберлігі мен мәдениетін арттыру әдістемесі қойылады.

Бұл оқышының шығарма жаза білу дағдысымен байланысты. Сондықтан бұл бітіру мамандық жұмысымыздың мақсаты қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуда мәтін түрлерін саналы түсініп оқу арқалы есте сақтап, ой-пікірлері мен тұжырымы бойынша белгілі мәселе, тақырыпқа сай ауызша - жазбаша сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамыту, яғни мәтін құрастыру икемділіктерін арттырып, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру болмақ.

I Т а р а у

Мәтін және оның құрылымы

1.1. Мәтін және оның ерекшеліктері

Лингвистика ғылымында мәтіннің табиғаты жайында бір- неше көзқарастар белгілі. Зерттеушілердің бір тобы мәтіннің өзіндік белгілері, категориялары тұлға, бірліктері бар нысан ретінде қарастырады. Ал, екінші тобы арнайы мәтін теориясын құраудың қажеті жоқ деп, мәтіннің қызметін байланысқан сөйлемдерге телиді. Мәселен, А.Айғабылов «Текст дегеніміз бір тақырыпқа енетін мағыналық тұтастығы бар бір неше сөйлемнің жиынтығы. Ол тақырып мазмұнына қарай ұзақ та, қысқа да болуы мүмкін,» - деп мектеп оқушыларына лайықты анықтама келтіреді.

Соңғы кезде көпшілік ғылымдар мойындаған мәселе – мәтін құрайтын элементтердің бір-бірімен байланыстылығы мен тақырыптың мазмұн бірлігі. Олай болса, мәтіннің табиғатын, ерешеліктерін ашу үшін, бұл мәселенің зерттелуін қарастырайық.

Мәтін тек соңғы он жылдықтарда ғана қолға алынып, зерттеле басталды. Сондықтан мәтіннің құрылымдық және мазмұндық жағынан зерттейтін тіл білімінің саласы - мәтін лингвистикасы жетіле бастады. Ал, лингвистикалық зерттеулердің аясының кеңейуіне байланысты осы жаңа сала шетелдердегі сияқты біздің елімізде де ү0- жылдардың екінші жартысынан бастап лингвисттердің назарын аудара бастады.

Мәтін ұғымы лингвистикада ертеректе болған. Бірақ лингвисттер оны басқаша қабылдаған, атап айтқанда, оны сөйлеудің қорытынды материалы және түрлі тілдік бірліктердің қолданылуы деп қараған. Ал қазіргі кезде мәтін зерттеу нысаны ретінде қаралып, оның құрылысының ортақ заңдылықтарын анықтау қолға алына бастады.

Мәтін көбінде сөйлеудің жазудағы немесе баспадағы нәтижесі деп те анықталады. Мұндай түсінік лингвистиканың түрлі тілдік бірліктер – сөз, сөз тіркесі, сөйлем деп мәтінді құраушы тілдік материал ретінде қарау кезеңін кез-келген көлемдегі тиянақты ой деп қаралады.

Жай сөйлемдер, тақырыптары жағынан әр түрлі бөлек сөйлемдер де мәтін деп атала беретін.

Мәтінді зерттеу барысында көзқарастардың өзгеруіне сай мәтін ұғымының мазмұны да өзгеріп отырады.

Мәтінді сөйлеудің нәтижесі деп түсінсе, қазіргі кезде бұл жеткіліксіз, мәтінді терминологиялық ұғым емес деп қарастырылуда.

Соңғы кезде мәтін лингвистиканың зерттеу нысаны бола отырып, сөйлемдердің мағыналық және құрылымдық жағынан байланысқан сөйлемдердің жиынтығы деген мәселемен айтылады. Демек, зерттеушілердің назары мәтіннің бүтіндік, тұтастық жағынан, оның сөйлемдер бойынша құрылысындағы ортақ байланыстылық, заңдылықтар мен стилистикасын анықтауға аударылуда. Мұндай мәтіннің байланыстылық, тұтастық қабілеті осы терминнің этимологиясынан да аңғарылғандай-ақ: «еучегь» латын тілінде «байланысу, тоқу» дегенді білдіреді.

Бұдан шығатын қорытынды сөйлеудің нәтижесінде екі сөйлем бар жерде мәтін мәселесі туындайды.

Соңғы кезде көпшілік ғалымдар мойындаған мәселе - мәтін құрайтын элементтердің бір-бірімен байланыстылығы мен тұтастығы.

Б. Шалабаев мәтіннің маңызды белгілеріне оның тақырыбының болуы және аяқталуын жатқызады (ү0-үк).

Ал, Т. А. Ладыженская оның тақырыбының болуы, белгілі бір жайды хабарлауы, тиянақты аяқталуы, тақырыптың бірлікке тұруы, мәтін

компоненттердің жалпы бір пікірге бағынуы логикалық жүйеде құрылуы, мәтін бөлектердің сөйлемлердің байланыстылығы, оның стильдік бірлікте болуы (20-24) екендігін атап өтеді.

Біздің ойымызша, мәтіннің жоғарыдағы айтылған белгілеріне мына төмендегі белгілерді қосуға болады деп есептейміз. Олар: мәтіннің жүйелі басталып, жүйелі аяқталуы, мәтінді құрайтын элементтер (сөйлем қайырым) арасында логикалық және грамматикалық байланыстар қамтамасыз етіледі. Кей жағдайларда мәтіннің тақырыбы болмайды (мысалы, Абай өлеңдерінде), онда мұндай жағдайларда бірінші сөйлем сол қызметті атқарады. Онсыз мәтіннің моделі жасалынбайды.

Мәтіннің негізгі категорияларына И. Р. Гальперин хабар (информативность), тұтастық (интеграция), уақыт бірлігі (ретроспенция), модальдық, подтекст категорияларын жатқызады. Бұл категориялардың мазмұны, түрлері, берілу жолдары мен формалары түрлі берілсе, ғылыми мәтінде екінші түрде, ресми стиль мәтінінде басқаша түрде беріледі.

Мәтіннің негізгі белгілерін анықтауда ғалымдардың пікірлері түрліше. Біреулер ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын мәтін деп атаса, көпшілік тек жазбаша сөйлеу нәтижесін мәтінге жатқызады.

Алайда, мәтіннің мүшеленуі (бөлшектенуі) мағыналық тұтастық және құрылымдық байланыс сияқты белгілерін барлық зерттеушілер мақұлдайды.

Тіл ғылымында бүгінге дейін зерттеу нысаны болып келген, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, морфологиялық, лексикалық тұлғалар, фонетикалық құбылыстар - мәтіннің құрамына енетін тілдік бірліктер. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазіргі қазақ тілі білімінде мәтінді құрылымдық, мағыналық, қызметтік жағынан жан-жақты зерттеу әлі де кенжелеп келе жатқан өте маңызды мәселелердің бірі екенін мойындамасқа болмайды.

Лингвистика ғылымында мәтіннің табиғаты жөнінде екі түрлі көзқарас бар: зерттеушілердің бір тобы мәтіннің өзіндік белгілері, категориялары, тұлға бірліктері бар нысан ретінде емес, ол тек оны құрайтын сөйлемдердің қасиетіне байланысты деп таныса, екіншілер мәтін өзіндік ерешеліктеріне не құрылым қосындысынан тұрады деп есептейді, арнайы мәтін теориясын құраудың қажеті жоқ, егер толық болса, сөйлем грамматикасының өзі де мәтіннің барлық құбылыстарын түсіндіре алады, дегенді айтады. Алайда ғалымдардың көпшілігі мәтіннің өзіндік ерекшелігі бар, жеке алып қарайтын категория деп біледі.

Жоғарыдағы пікірлерді басшылыққа алғанымызда мәтіннің мынадай белгілері бар деп есептейміз. Олар: мәтіннің жүйелі басталып, жүйелі аяқталуы, мәтінді құрайтын элементтер (сөйлем, қайырым) арасында логикалық және грамматикалық байланыстар қамтамасыз етіледі.

Біздің ойымызша, сөйлем мен қайырым мәтіннің бөлшектері тұтас нәрсе мен оның бөлшегінің теңеспейтіндігі сияқты, мәтін де өзін құрайтын сөйлем мен қайырымдардың жай қосындысы емес. Оның өзіндік белгілері, жүйесі, сыпаты, тұлғасы, мазмұны, өлшемдері мен құрылысы бар өте күрделі тілдік категория. Демек, мәтіннің қалыптасқан өзіндік құрылымдық жүйесі бар.

Қорыта келгенде, мәтін болу үшін оны құрайтын элементтерін, олардың бір-бірімен байланыстылығын, яғни тұтас мазмұны мен жасалу құрылымын ажыратуымыз керек.

Ой белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінен жасалады. Оны сөйлем дейміз. Сөйлем - синтаксистің қарастыратын нысаны. Сөйлем жай және күрделі болады. Лингвистикалық зерттеулерде абзац, мәтін деген терминдерге лингвистикалық анықтамалар берілмей жүр. Сондықтан, мәтін туралы ұғымды стиль мен мәтіннің қарым-қатынасын түсінуден

бастаймыз. Яғни бір шығарманың тұтас ұғынылатын, белгілі бір хабарлаудың ой-пікірді жеткізудің мазмұнды формасы бар бөлшегі болып табылады.

Мәтіннің ең тиісті қасиеттері мына сыяқты болады:

- мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бүтіндігі (тұтастығы);
- мәтін құрайтын бірліктердің компоненттерінің бір-бірімен байланыстылығы;
- стилистикалық норма жағынан өңделуі;
- мазмұнда байланыстылық, тұтастық;
- хабарлаудың жазбаша формада берілуі (кейбір мамандар ауызша формада да берілуі мүмкін деген пікірді қолдайды.)

Қазіргі лингвистикалық ғылымда пайда болған мұндай терминдер: күрделі синтаксистік бүтін (тұтастық), мәтін стиль, тілдің стилистикалық құралдары, қайырым (құрылымдық стилистикалық құрал ретінде), сөйлемдерді байланыстыру құралдары және мәтіннің бөлшектері тағы басқалар стилистикаға байланысты қарастырылып жүр.

Адам ойын ауызша да (сөйлеу арқалы), жазбаша да (жазу арқалы) білдіреді. Демек, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастықтың екі түрі бар: бірі ауызша тіл, екіншісі жазбаша тіл.

Ауызекі тілде адамдар ойын, пікірін сөйлеу арқылы (ауызша) жеткізеді. Жазбаша тілде адамдар ойын, пікірін қағазға (затқа) жазып білдіреді. Бұл екеуінің өзді-өзіне тең ерекшеліктері болады. Ауызекі (сөйлеу) тілде адам ойын еркін құрап, сөздерді еркін қолданады, онда қосалқы ұғымдар, басы артық сөздер ұшыраса береді: сөздің кем-кетігі, дауыс ырғағы, үннің көтеріңкі я төмен айтылуы, түрлі қимыл, мимика арқылы толықтырып отырады. Ал, ауызша сөйлеудің осы ерекшеліктері мәтіннің тілдік құралдарынан көрініс табады.

Жазбаша тілде ой-пікір белгілі бір жүйеге түсіріліп, тілдік грамматикалық емле заңдылықтарына қатаң бағындырылып, әдеби тіл нормасын сақталып жазылады.

Сондықтан, ауызекі тіл мен жазбаша тілдің өздеріне тән ауызша айтылуы немесе жазбаша берілу тәсілі (стиль) болады.

Сол сияқты, іс-қағаздарының, көркем шығармалардың, мақала, хат т.б тәрізді мәтіннің өзіне тән баяндау, сөз қолданыс ерекшеліктері бар. Мысалы, «Қерқұла атты Кендебай» ертегісіндегі мынандай мәтін диалогты талдайық:

№1 мәтін

Кендебай есіктен кіріп келіп:

- Дат, тақсыр, -дейді

- Датың болса айт, -дейді хан ақырып.

- Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей биені мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз қалды. Таң алдында Бие алтын құйрықты құндыз жүнді құлын туады. Аспаннан бір бұлт төніп келді де, оны көтеріп ала жөнеді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкендеу құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, - дегенде, сөздің аяғын күтпей:

- Құйрық қайда? – дейді хан (Әдебиет оқу кітабы. Ө-сынып)

№2 мәтін.

Тіл - өзінше қалыптасқан заңдары, орныққан жүйесі бар қоғамдық құбылыс. Тіл жүйесін, заңдылықтарын айқындап зерттейтін, соған орай анықтамалар, ережелер шығаратын қоғамдық ғылымдардың бір түрі тіл ғылымы деп аталады. (Қазақ тілі, 5 - сынып)

Талдау кезінде мынадай мәселеге көңіл аударылады. Мәтіннің құрылымын анықтап, оларға тілдік құралдардың қолданылуы ерекшеліктері бойынша мынадай жұмыстар жүргізіледі.

Екі мәтінді салыстыру; а) №1 кісінің арасында жүргендігін анықтау; ә) №2 мәтін қарым-қатынас арқылы қатнасқан кісілердің санын ажырату; б) Әр кісінің айтқан ойын белгілеу; в) №1, №2 мәтін түрлерін ажыраттыру;

Ал, мектеп оқулықтарында ауызекі тіл мен жазбаша тілдің ерекшелігі ең алдымен, мәтінді тұтас түрде түсінуге, сол арқылы оның сөйлеу нәтижесі екендігіне бағытталуы тиіс. Талдап қарағанымызда, қазіргі қолданып келе жатқан бағдарлама, оқулық және оқу құралдарына мәтін дегеніміз не екендігі туралы тиянақты бір пікір жоқ. Мысалы, мәжілісте сөйлейтін сөзінің нұсқасы да мәтін, өлеңнің жазбаша түрі де мәтін, жазушының шығармасы да мәтін, оқулықтағы орындауға берілетін жаттығу да мәтін т.б болып беріледі. Бұл мәтін туралы ғылымы түсінікті қиындатады.

Мәтін сөзі көп мағынада қолданылатын ұғым, сондықтан лингвистикалық термин ретінде дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем сияқты нақты анықтама берілуі тиіс. Әсіресе мәтіннің бөлшегі қайырымның құрылымдық ерекшеліктері ажыратылып анықталуы тиіс.

Мәтін туралы білім беру мына жүйеде болуы қажет деп санаймыз. Атап айтқанда, тіл білімінде сөз, сөздің тіркеске түсуі, тіркес, тіркестен сөйлем жасалатындығы, қайырым, қайырымнан мәтін құралатындығы.

Сондықтан мәтін туралы білім ең алдымен қайырымның түзілу ерекшелігіне байланысты. Сондықтан мәтіннің құрылымдық ерекшелігі оны құрайтын сөйлемдердің мақсатқа сай ойды жеткізуге байланысты құрастырылуына, одан қайырым жасалатындығына назар аударылады. Әсіресе адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда жеке-жеке

сөйлемдермен ғана емес, тұтас бір пікірді білдіретін бірнеше сөйлемдерді де пайдаланатындығын, сондай-ақ бірнеше ой-пікірді білдіретін сөйлемдерді өзара байланыстыра келіп жүйелі жүргізіледі. Мысалы,

- Сен маған атыңды айтпадың ғой?
- Сіз өзіңіз сұраған жоқсыз ғой?
- Ал сұрайық.
- Атым – Сағат.
- Сағат, мына суретіңді көрейінші.
- Көріңіз. (М. Иманжановтан), - деген қарым-қатынаста, яғни екі кісінің әңгімесі ғана орынланып тұр. Немесе,

Бір кезде арыстанның дауысы естіледі. Ілгері екі-үш аттағанда, бір деп Кендебайды тартып ала жөнелді. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді. Кендебай атты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды арыстанның аржағынан бірақ түсіреді. Кендебай арыстанның аузын қағып алып қоржынға салады.

Ақыры Кендебай алтын құйрықты құлындарды тауып алып, аман-есен ханға қайтып келеді.

Хан қуанып, үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай сандалып мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып азып-тозып ханның екі баласы келеді, - деген мәтінде үш қайырым бар. Атап айтқанда, бірінші қайырым Кендебайдың арыстаны мен күресін баяндаса, екіншісі қайырымды ой-пікір Кендебайдың одан кейінгі іс-әрекетін баяндайды, яғни Кендебайдың алтын құйрықты құлындарды тауып, ханға келуі, ал үшіншіден ханның балаларының келуі баяндалады. Сонымен бірге, әр қайырымдағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысты болып, бір ой-пікірге

топтасып, тақырыптың мазмұнға бағынатындығын анықтауға болады. Ал, бұл құбылысты әр қайырымдағы сөйлемдердің белгілі мәселе бойынша бір-бірімен байланысатындығын анықтауға болады. Ал, бұл құбылысты әр қайырымдағы сөйлемдердің белгілі мәселе бойынша бір-бірімен байланысатындығы бойынша байқалады. Мысалы,

1) Әрбір қайырымдағы бір тиянақты ойды білдіретін сөйлемдердегі іс-әрекеттер бір мезгілде болуы. Мысалы, Кендебайдың арыстанның даусын есітіп, айқасқа түсуі бір мезгілде іске асады.

2) Әрбір қайырымдағы сөйлемдердегі іс-әрекеттер бір-бірімен байланыста болады. Мысалы, Кендебайдың арыстанмен айқасуы туралы іс-әрекеттер бір-бірімен байланысты, бір уақытта өтеді.

3) сөйлемдегі ой бір-бірімен жалғасып, байланысты болады. Сондықтан, жоғарыдағы пікірлерді төмендегіше қорытуға болады.

Айтылатын ой-пікірлердің, әнгімелердің қағаз бетінде жазу арқылы түсірілуі мәтін деп аталады. Ал мәтін берілетін ой, мазмұнның көлеміне қарай шығын да, көлемді де болады.

Мәтіндегі мазмұн баяндалуына қарай тараулар мен бөлімдерге және тақырыпшаларға бөлінеді, немесе ой-пікірдің берілуі бойынша қайырымға (абзац) ажыратылып, ол белгілі бір-бірімен байланысқан сөйлемдерден құралады. Сөйлемдер мәтіннің түріне байланысты да болады. Мәселен, ауызекі сөйлеу стиліндегі сөйлемдер аяқталмаған, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі сақтала бермеуі мүмкін. Ал кітаби жазба стильдерде бұл ерекшеліктер кездеспейді, негізінде ой толық аяқталған, нақты болады. Мысалы, ауызекі стилінде

- Сіздің жасыңыз қаншада?

- Он жетіде.

- Қайда тұрасыз?

- Ауылда, — деп, толымсыз сөйлемдер

қолданыла береді. Сондықтан бұл сөйлемдер қайырымға топтаса алмайды. Сөйлемдердің әрқайсысы бір ойды не күрделі ойды білдіреді. Кейде сөйлемдегі ойлар бір-бірімен алшақ жеке-жеке де болады. Міне осы ерекшелігіне қарай сөйлемдер бір-бірімен ерекшеленеді. Егер сөйлемдегі ойлар бір-бірімен байланыста болып, жүйелі түрде жасалса, онда ол қайырым (абзац) құрайды. Ал сөйлемдерге ойлардың бір-бірімен байланыстылығы болмаса, әрқайсысы жаңа бөлек ой болады да, белгілі жүйе түзе алмайды. Онда ол сөйлемдер бір қайырым бола алмайды. Мысалы, Түйелер көтерілісшілерге жол ашып берді. Жүз батыр тізе қосып ұрысқа кірісті. Олар үзікті жағалап қылыштасып, топтасқан. Оқиға жемісін баяндауда осы қайырымдар да бір-бірімен жүйелі байланыста болған.

1.2. Мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері.

Көптеген ғалымдар мәтін композициясын (құрылысын) үш бөлекке бөледі. Олар: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Мәтін мынадай әмбебап мағыналық категорияларды бейнелейді: кейіпкер, уақыт, кеңістік, хабар көзі, автор және оқырман бейнелері. Ал мәтінге бұлардың тек соңғылары ғана тән. Мәтін көлбеулік (линейный) және көлемдік (объемный) өлшемдер тұрғысынан құрылады. Мәтін көлбеулік құрылымда оның логикалық, грамматикалық заңдылықтар тұрғысынан әнгімелеу типі немесе хабарлау формасы тұрғысынан құрылуы. Мұнда мәтінде баяндалатын сюжеттер мен эпизодтардың белгілі орналасу реті де ескеріледі. Басқаша айтқанда, көлбеулік құрылым – мәтіннің лексикалық, грамматикалық және композициялық–синтаксистик деңгейлерінде қалыптасуы, байланыстылығы, бір-біріне кірігуі. Ал мәтіннің көлемдік құрылымы – тіл құралдарын пайдалана отырып, оның дара және әмбебап мағыналардың бейнелеуі, сол мағыналардың қайталанбас өзіндік көрінісі.

Б. Шалабаев мәтіннің әмбебап мағыналарына кеңістік пен уақытты жатқызады. (60-64). Кеңістікті бейнелеу үшін мәтінде белгілі бір мекенді білдіретін не нұсқайтын атауыш сөздер тобы қолданылады. Олар: топонимдер, географиялық терминдер, этнонимдер (тайпа, ру аттары), табиғаттың не үй-жайдың белгілерін бейнелейтін сөздер: мекендік үстеулер, диалектизмдер, экзотиканы білдіретін сөздер және кісі аттары. Сөздікте бұлардың бәрі емес, тек кейбіреулері мекендік мағынаны білдірсе, мәтінде олардың мекендік көрсеткіштерінің аясы кеңиді.

Уақыт та материяның өмір сүру формасы болғандықтан, ол көркем мәтіннің негізгі мағынасының бірі болып табылады. Шығарма мазмұнының белгілі бір шынайы уақытқа қатынасы ерекше тілдік құралдар арқылы көрініс табады. Ең алдымен оларға уақытты білдіретін сөздер тобы жатады (жыл, ай, күн, апта, т.б. аттарын білдіретін сөздер). Олар уақыттың тура көрсеткіштері болса, уақытқа жанама түрде меңзейтін көрсеткіштерде болады. Оларға жататындар: тарихи тұлғалардың аттары, тарихи болмыс, қызмет (*хан, сұлтан, болыс, әкім* т.б.), адамдардың әлеуметтік жағдайлардың атаулары, мекен-ұйым, қоғамдардың т.б. аттары. Шығармада суреттелетін немесе аталып қана өтетін тарихи оқиғалар да уақыт көрсеткіштері болып табылады. Мәтінде бейнелетін уақыт үш түрлі: өткен шақтық, осы шақтық, келер шақтық болып келеді. Бұлардың арқайсысында жеке-жеке тұрғанда көркем шығармалардағы баяндау жоспарының негізін қарауы мүмкін. Мәтінде сөз болатын оқиға, іс-әрекет баяндау кезіне сай келуіне оның алдында өтуі де, немесе кейін өтуі де мүмкін. Немесе нақтылы шығармаларды бейнелейтін уақыт түрлерінің бірігіп жымдасуының көптеген варианттарын кездестіреміз.

Мәтіннің құрылымдық тұлға бірліктеріне сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастық, қайырым жатады. Олардың

арасындағы байланыстар логикалық, грамматикалық және себеп-салдарлық жүйе арқылы іске асады. Онсыз тұтастық белгісі қамтамасыз етілмейді. Ал стилистикада мәтіннің қарым-қатнасын түсіну үшін оны тұтас жанрлық, стильдік бірлік ретінде түсінуден бастаймыз. Яғни мәтін бір шығарманың тұтас ұғынылатын, белгілі бір хабарлаудың, ой-пікірді жеткізудің мазмұнды, формасы бар, ой қорытындысы берілген бөлшегі ретінде қарастырылады. Мәтіннің ең басты белгілері мыналар:

Мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бүтіндігі;

- Мәтін құрайтын компонентердің бір-бірімен байланыстылығы;
- Стилистикалық норма жағынан тұтастығы қайырымдарының тақырыптық мазмұндағы жүйелігі;
- Ой-пікірдің бір форма, жанрда берілуі.

Олай болса, мәтіннің өзіндік мынадай ерекшеліктері бар деп есептеледі:

1. Мәтін түзетін сөйлемдер және олардың өз-ара білдіретін ой-пікірі бойынша байланыстылығы;

2. Мәтіндегі қайырымдар және олардың тақырыптардың мазмұнына байланыстылығы;

3. Мәтіннің түрлілігі, яғни форманың тіл арқылы көрінетіндігі.

Мәтіннің құрылымдық ерекшелігін зерттеушілердің пікірлерін қарастыра келіп, оның өзіндік мынадай сыпаты бар екендігін анықтауға болады.

1. Мәтіннің мүшеленуі.

Мәтін бірнеше сөйлемдерден тұрады. Егер бір сөйлем құрмалас сөйлем болып, өте жайылыңқы болса да оны мәтін деп айта алмаймыз.

Мұнда тиянақты ой болғанымен ол мәтін бола алмайды, бар болғаны сөйлем, мазмұн жоқ. Ал бұл сөйлем заңдылығы бойынша үйлескен яғни

мәтіннің заңдылығынан өзгеше. Бұл құрмалас сөйлемді жеке, тиянақты сөйлемдерге бөлшектеуге болмайды, мәтіндегі заңдылығымен бөлшектеуге келмейді. Осыған орай мәтін кемінде екі немесе бірнеше сөйлемдерден тұрады деуге болады. Сондай-ақ, көлемді мәтінде бірнеше сөйлемдер байланысып қайырым құрайды. Ал

қайырымды сөз еткенде айтылатын ойдың тиянақтылығы жөнінде емес, онда салыстырмалы түрдегі аяқталған ой-пікір беріліп, тек микротақырып қана ашылғандықтан оның салыстырмалы дербестігі болады.

Бірнеше сөйлемнен тұратын қайырым өзінің бастауы тақырыптық сөйлем және қайырымдық фраза болып табылады. Сонымен бірге мағына мен формасы жағынан тізбектеле байланысқан сөйлемдердің сөйлемде аяқталған интонация мен ұзақ үзіліс (пауза) арқылы беріледі.

Кез келген мәтін әдетте бірге бөлінген. Осындай әр бөлектер жаңа жолдан басталады, яғни жолдың бас жағында оңға қарай бос орын қалады. Бұл азат жол деп аталады. Азат жол мәтінде композициялы – мағыналық және стилистикалық қызметтер атқарады. Мысалы:

Мәтін

Орталық Қазақстанда ағаштың бірнеше түрі бар. Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау, Ереймен тауларында әдемі аққайындар, боз талдар өседі. Орталық Қазақстан - түсті металдарға өте бай. Республикамызда көмір, мұнай, мыс, темір шығатын жерлер - Қарағанды, Екібастұз, Жезқазған, Қоңырат, Бозшақөл, Қарқаралыдағы Кентегай, Қостанайдағы Соколов, Сарыбай мен Лисаков кен орындары. Орталық Қазақстанда тұзды көлдер бар

Сарыарқа – Шоқанның туып-өскен алтын бесігі. Ыбырай Алтынсариннің қазақ жастарына арнап мектеп ашып, білімге жетелеген өлкесі.

Демек, кез-келген мәтіндегі сияқты мағынасы жағынан байланысқан сөйлемдерден тұратын қайырым ішінара бастама, түсіндіру бөлімі және соңы деп бөлуге болады. Негізгі бөлімде қайырымның негізгі ойы беріледі. Оны толықтырып әрі дамытатын – түсіндіру бөлімі аяқтамада қорытынды түйін болуы тиіс.

Мәселен, екі кіші көлемдегі мәтін анықтама, не хат, қысқа газет хабарламасы. Ең үлкен көлемдегі – бірнеше томнан, кітаптан тұратын роман. Онда алғы сөз (пролог) және қорытынды (сөз аяғы, эпилог) болады. Ғылыми, іс-қағаз, мақала мәтіндері мүлде өзге ұстанымдарға сүйене отырып бөлшектенеді. Дипломатиялық құжаттар, акт, жарлық, шарт, меморандумдардың бөлшектенуі ерекше. Газет мәтіндерінің мүшеленуі негізгі прогматикалық нұсқауға және орынның шектеулілігіне тәуелді, бірақ тым қысқа, ықшам форма, ондағы хабар кейде (бір мезгілде) логикалық және прогматикалық мүшеленудің аспектілерін бұзады. Жекеленген жағдайларда бір қайырымға, бөлшектенген жеке түрінде де алуға әртүрлі хабарлар болады. Проза, ғылыми, іс-қағаз және газет мәтіндеріне қарағанда поэзиялық шығармалар мағыналық жағынан бөлшектенуі өзгеше ұстанымдарға сүйенеді. Бір үлгіден екіншісіне, бір ойдан екінші ойға, бір ассоциациядан екіншісіне өтуде контекстік – вариативтілік мүшеленудің өзгеше бір варианты бар. Мұндай шығармаларда тек ғана өлең шумақтары мүшелену бірліктері болып табылмайды, алайда өлең шумағының бөлігі де кейде фразалық емес бірлік бола береді. Осылайша, кез-келген мәтіннің мүшеленуінің, мейлі ол көркем шығарма, іс-қағаз, газет немесе ғылыми болсын екі жақты негізі бар хабарды оңай ұғыну үшін оқушыға бөліктерді жеке-жеке ұсынады және автор өзінше уақыттың, кеңістік, образдық, логикалық және т.б. хабарлау бөліктері байланыстарының мәтін түсіну үшін керек. Бірінші

жағдайда мүшеленудің прогматикалық негізі, екіншісінде субъективтік танымдық негізі анық байқалады.

Мәтіннің мазмұндық тұтастығы

Өзімізге белгілі, мәтін сөйлеу әрекетінің жемісі. Оның да өзіндік нысаны мен мақсаты бар. Түрткі мен мақсат арқылы сөйлеу құралы анықталады.

- мәтін белгілі бір тақырыптағы айтылған ой-пікір;
- мәтінде айтылушының негізгі ой-пікірі аппараттық шешімін табады;
- көлемді мәтіндер әрқайсысы салыстырмалы дербес аяқталған ой-пікірді білдіреді;
- мәтіннің пікірге сәйкес мазмұн тақырыбын таңдап алуға болады;
- дұрыс құрылған мәтіннің әдетте кіріспесі, негізгі бөлімі, мен соңы болады.

Мәтін адамның сөйлеуіндегі бір үзінді болғандықтан, оның мағыналық тұтастығы болмыстың өзіндегі байланыстар мен тәуелділіктер көрінісі бойынша анықталады.

Сөйлеу құралының бірлігі айту тақырыбы болып табылады. Тақырып мәтін мазмұнының сараланып, қорытылған мағыналық өзегін, түйінін аңғартады. Сөйлеу, айту мазмұны ұғымы сөйлеудің хабар категориясымен байланысты. Мұны мәтіннің ең негізгі категориясы деп отырып, И. Р. Галперин ол тек мәтінге ғана тең екенін атап көрсетеді. Деректі-мазмұндық хабарда бізді қоршаған өмірде, ақиқат пен болмыста болған, болатын, болып жатқан дерек оқиға, үздік жайында хабарланады. Концептуальдық-мағыналық хабарда оқушыға деректі хабарда айтылған құбылыстар арасындағы қатынастарды, олардың себебі мен салдарын, халқ өміріндегі экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік мәтінде автор өзіндік түсінік тұрғысынан хабарлайды. Мұндай хабар шығарманың өн

бойында болады. Концептуальды хабар - бұл автордың түпкі ойы мен оның түсіндіру, талдауының мағыналық жиынтығы. Не жайлы айтылуда, не айтылуда деген мазмұндағы хабардың бұл екі түрі мектепте тақырып деп аталады және мәтіннің негізгі ой-пікірі болып табылады. Мәтіннің мағыналық тұтастығына жету үшін негізгі мағына ұғымы да тақырып ұғымы сияқты аса маңызды. Сөйлеу құралы жайында бір нәрсені хабарлай отырып, біз негізгі айтылатын ойды жеткізу үшін материалдарды іріктеп, сұрыптап алғанда ғана мәтін мағыналық тұтастыққа ие болады. Басқаша айтқанда, тек тақырып қана емес, сонымен бірге негізгі ойда мәтін сөйлемдерін біріктіріп, оған мағыналық тұтастық береді. Мәтіннің мағыналық тұтастығын, тақырып бірлігін сөз өткенде айтылатын ойдың көлемін ескерген жөн. Кең көлемді мәтінде тілдік құрал бірлігі тақырыптардың бір-біріне сатылай, сабақтаса байланысуынан аңғарылады. Мұнда тақырып оны құрайтын тақырыпшаларға, ал тақырыпша одан әрі микротақырыптарға дейін бөлшектенеді. Микротақырып сөйлеу мағынасының ең кіші бірлігі деп саналады. Әдетте, мәтінде оған әрі қарай мағыналық жағынан бөлшектеуге келмейтін қайырым сәйкес келеді. Айтылатын ойдың аяқталғандығы мәтіннің мағыналық тұтастығы мен тығыз байланысты. И. Р. Гальпериннің пікірі бойынша ойдың тиянақтылығы деген ұғым тек тұтас сөйлеу туындысы мен үлкен мәтінге ғана қатысты. Мысалдар келтірейік. *Күн жылына бастады, қар еріп, сай-саладан салдырап су ақты. Әр жерден бәйшешектер қылтияды. Алғаш бұтақтары бүршік жарып, кішкене жапырақтар өсіп келеді. Сол күндерден соң жапырақ жайқалғалы тұр. Жылы жақтан құстар қайта оралады. Былтырғы ұяларын жөндеп, тынымсыз еңбек үстінде. Жақында жұмыртқа салады. Сары ауыз балапан басып шығарады. Көктем бар дүниені түрлендіріп келеді.*

2. Мәтін

Көктем - жылдың төрт мезгілінің бірі. Оған наурыз, сәуір, мамыр айлары жатады. Наурыз айында күн мен түн теңдеседі. Содан бастап күн ұзарады. Көктемде күн жылынып, қар еріп, ағаштар бүршік атып, жер көгерді. Қыста ұйықтайтын жәндіктер мен жануарлар оянып, тіршілік ете бастайды. Құстар қайта келіп, ұя салады. Сондықтан көктем – жыл басы.

Мәтін үйлесімділігі.

Байланыстылық – мәтіннің үшінші бір қасиеті. Ол оның мүшелену белгісімен сәйкес келеді. Шынында да, біз байланыстылық жайында тек мүшеленетін, бірнеше бөлектен тұратын күрделі нысанға тап болғанда ғана сөз етеміз. Мәтін дәл осындай күрделі нысан. Ол өз-ара мағынасы жағынан байланысқан және формальды ерекше топтарға біріккен сөйлемдерден тұрады. Бұл топтарды ғылымдар әр түрлі айтады. Күрделі синтаксистік тұтастық, сызықты – синтаксистік тізбек деп жүргізіледі.

Байланыстылықтың негізін мәтіндегі сөйлемдердің сабақтастығы құрайды. Мәселен, мұнда келесі сөйлем алдыңғының белгілі бір бөлегін ала отырып құрылады. Қатысымдық синтаксис тұрғысынан алдыңғы сөйлемдер екі бөлімге бөлінеді: қатысымдық белгісі бар оны тақырып немесе берілгені деп, келесі бөлшегін рема деп атайды.

Тақырыпта алдыңғы сөйлем хабарының бөлігі ретінде қайталанады және бұл қайталану байланыстырушы бөлім қызметін де атқарады. Ремада жаңа ақпараттық хабар болады. Ол айтылар сөздің мәтінін байытып, дамытып, ойды келесі оймен жалғастырады.

Осындай тақырып пен ремалық тізбек бірнеше үлгі арқылы беріледі.

1. Сөйлемдердің тізбектік байланысы кеңінен қолданыс тапқан үлгі болып табылады. Бұл жағдайда бірінші сөйлемнің ремасы екінші сөйлемнің тақырыбы, ал екіншісінің ремасы үшіншісіне тақырып және т.б. болады.

Мысалы: *Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір малдары жоқ кедей болғандықтан, тұзақ құрып, күнін көреді екен. Бір күні шал құрған тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға:*

- Мені сен босат! Меннен не сұрасаң, соны бір жылдан кейін ал, - дейді (Халық ертегісі «Ұр тоқпақ»).

2. Сөйтіп, үш жылдан кейін ақшылдау, ақшылдау қызыл гүл ашады. Бұл гүлдер түсіп, орнына жасыл түйіндер пайда болады. Күзге қарай ол түйіндер өсіп, үлкен, қызыл, тәтті алмаға айналады (К. Д. Ушинский «Алма ағаш»).

Екінші үлгіде алмаспайтын тақырып пен байланысатын параллель түріндегі сөйлемдер тізбегі болады.

3. Үшінші үлгі де сөйлемдердің параллельді байланыс тәсілі арқылы жасалады, бірақ екінші үлгіден оның айырмашылығы онда тұрақты, алмаспайтын тақырып болмайды. Сөйлемдер арасындағы байланыс ортақ қатысымдық және болмыстың ойдағы суреті, екеуінің суреттемесі арқылы болады.

Әдетте, мұндай құрылыс табиғат суреттеулерінде қолданылады. Мұндағы сөйлемдер көбіне тақырып мен ремаға бөлшектенбейді. Мұндай сөйлемдерде етістіктің шақтық формалары, сонымен қатар сөз тәртібі (баяндауыш + бастауыш) арқылы байланыстылық қамтамасыз етіледі. Бұл мүшеленбейтін (бөлшектенбейтін) сөйлемдерге тән. Осылайша мәтін

құрылымының негізін сөйлемдерде арасындағы қатысымдық сабақтастық қатнасықтары қалайды. Мәтін құрылымында байланыстылықты қамтамасыз ету үшін сөйлемдерді адамның логикалық ойының дамуын көрсетерліктей, ал сөйлемдегі сөздің тәртібін айтылмақ ойдың қатысымдылығына бағындыру керек. Мәтінге енетін сөйлемдердің ішкі тұтастығын қайталайтын сөздер, жіктік (қ-жақ) және сілтеу есімдіктері, синонимдер, антонимдер, түбір сөздер, жалғаулық шылаулар және тағы басқа тілдік құралдар құрайды. Мәтіннің байланыстылығын құруда сөз тәртібі үлкен роль атқарады. Бір қалыпты монологты сөйлеуде сөйлем басында белгілі хабар (тақырып), сөйлем соңында жаңа хабар (рема) болады. Мысалы:

Алтын дән.

Қырман үсті құйын. Дән маялар айыр ұшымен ұшырылып жатыр. Электр молотилка дән боратып тұр. Бункерлерден құйылған меруерт дән төбе-төбе үйіліп қалыпты. Қоршаған көлік, машина. Асығыс қимылдаған үлкендердің арасында мектеп оқушылары да жүр. Мұғалімдер қасымда. Ортасында Жанат. ?жымшар аулы дәл бүгін дәннен өзгенің бәрін ұмытқан секілді. (Г. Мұстафин) Мәтіндегі («Алтын дән») сөйлемдердің байланысына келсек. екінші және үшінші сөйлемдердің баяндауыштары жасалу жағынан қарай бір тектес (ұшырылып, боратып деген көсемшелерге жатыр, тұр деген көмекші етістіктердің тіркесу арқылы), осы шақта ыңғайласа байланысқан. ғ-, қ- сөйлемдер ң-сөйлемнің себебі, ал төртінші сөйлем екінші және үшінші сөйлемнің салдары. Өйткені меруерт дәннің төбе-төбе болып жатуының себебі маялар ұшырылып молотилканың дән боратын тұруының, ө-сөйлем мен ү-, ұ-, 8-сөйлемдер параллельді байланысқа түсіп, бірыңғай сөйлем мүшелері сияқты қырмандағы заттарды санамалап тұр. Егер ө-сөйлемді қ-сөйлемнен

кейін деген сөзі жазса да мағына-мазмұнға нұқсан келмейді, 6-, 7-, 8-сөйлемдер бір-бірімен тізбектеле байланысқан себебі 6-сөйлемдегі оқушылар сөзі 7-сөйлемдегі мұғалімдер сөзі арқылы байланысса, 7-сөйлем, 8-сөйлем мен қасында, ортасында деген жатыс септікті сөздер арқылы байланысып тұр. Олай болса, тізбекті байланыстың параллельді байланыстан өзгешелігі-сөйлемдердің кейінгісі алдыңғысына тәуелді айтылып, орын тәртібі өзгермейтіндігінде.

Параллельді байланыс интонация арқылы болса, тізбекті байланыс лексикалық және грамматикалық ыңғайластық арқылы синтаксистік тұтастық жасайды. Мәселен, 2-, 3-, 4-сөйлемдер дән сөзінің қайталануы арқылы дәнеркеленіп тұр. Ал ұшырып жатыр, бортып тұр, баяндауыш етістіктер осы шақта ыңғайласып мәтіннің грамматикалық байланысуын өтеуде. Сондықтан біз қайырым ішіндегі сөйлемдердің байланысу жолдарын қарастырайық.

Мәтіндегі сөйлемдерді мағыналық байланысы біріктіргіш деп аталатын формалды әдіс-тәсілдер арқылы көрінеді. Көршілес сөйлемдерді тұтастыру арқылы ұласқан байланыс пайда болады. Мұнда, біріктіргіш есебінде жалғаулықтар, есімдіктер, етістіктің шақ тұлғасы және т.б. қолданылады. Мысалы: *Біздің елімізге өте білімді адамдар керек. Олар: маман жұмыскерлер, шебер инженерлер, таланты ғылымдар. Оларды мектеп тәрбиелейді. Олар кімдер: олар сенің достарың және сен. Сендер ер жетіп, үлкен азамат боласыздар. Сендерге халқың, Отанның үлкен сенімімен қарайды. Сендер оларға өте керексіңдер.*

Егер тақырып немесе мағынасы бойынша байланысқан сөйлемдер бір-бірінен алшақ тұрып және өзге сөйлемдермен бөлінсе, онда дистантты байланыс туғызатын біріктіргіш есебінде қыстырма сөздер, сөз тіркестері қолданылады. Шынында мектеп пен жанұя арасында тығыз байланыстың

орнатылуы тәжірибеде сыннан өткен жұмыс әдіс болып келеді. Мәтін құрылымында біріктіргіш есебінде лексикалық қайталау, есімдікті және синонимдік (семантикалық) бірліктердің бара бар алмастырылуы жиі қолданылады. Тура лексикалық қайталау мағынасы жағынан маңызды бір сөздің қайталана қолданылуы. Олар: *маман жұмыскерлер, ісбілермен инженерлер, таланты ғылымдар. Оларды мектеп тәрбиелейді. Олар кімдер: олар сенің достарың және сен. Сендер ер жетіп, үлкен азамат боласыңдар. Сендерге халқың, Отанның үлкен сенімімен қарайды. Сендер оларға өте керексіңдер.* Есімдік алмасуы – бұл мағыналық жағынан маңызды айқындар есімдіктің қолданылуы: *Шоқан 1808 жылы орыс география қоғамының мүшесі болып сайланады. Ол 1808-1809 жылдары Қазақия сапары арқылы дүние жүзлік ғылымға үлес қосаты.*

Синонимдік (семантикалық) алмасу - бұл бір заттың не құбылыстың түрлі тілдік құралдар арқылы бейнеленуі. *Сарыарқа- Шоқанның туып-өскен алтын бесігі. Ыбырай Алтынсаринның қазақ жастарына арнап мектеп ашып, білімге беруге жетелеген өлкесі.*

Егер лексикалық қайталауда сөйлемдер арасындағы байланыс лексикалық бірліктер қайталанулар арқылы іске асатын болса, онда бұл байланыс тізбекті деп аталады.

Көптеген мәтіндерде, әсіресе ғылыми және ғылыми-көпшілік мәтіндерде байланыстың параллельді деген екінші бір түрі де жиі қолданылады. Байланыстың бұл түрінде сөйлемдер тақырып бірлігімен жинақталады. Алайда олар сөйлемдерге қатысы жағынан өзінің дербестігін сақтайды.

Параллельді байланыс:

Құстар туралы.

Жер шарында 100 миллиардтай құс тіршілік етеді. Олардың 90

пайызы насекомдар мен көрекеттенеді. Олардың мыңға жақын түрінің 700-і біздің елімізде мекендейді. Оңтүстік елдерден құстардың 200-ге тарта түрі ұшып келеді. Құстар 2-3 км биіктікте 50-90 километр жылдамдықпен ұшады. Көптеген құстар өмір жұп құрып тұрады. Олар жапалақ, аққу, құтан, ійрек, тоты 20-ға жыл, көгершін, тауық 10-15 жыл жасайды.

Дүниедегі ең кішкентай құс – колибри. Оның салмағы екі граммдай ғана. Ең үлкен құс - Африка түйе құсы. Салмағы 100 кг. Түйе құстың жұмыртқасы бір жарым, екі килограмға шекем жетеді.

1. Сөйлемдердің модальдығы.

Мәтінді құрайтын сөйлемдерге нысандық модальдық деп аталатын болмысқа қатынас беріледі. *Ертең ауа райы жақсы.* Хабардың мазмұны етістіктің ашық рай формасындағы үш шақтың бірі арқылы берілген. Бұл хабар арнайы грамматикалық құралдар (етістік тұлғалары мен демеуліктер) арқылы тілек, қалау мағынасына айналады. *Бүгін ауа райы жақсы болса екен! – ертең ауа райы жақсы болса ғой!*

Маусым айы болатын. Бір күн Қайдар жұмыстан кейін тағы кешікті. Балаларын ұйықтатып, Гүлбаршын өзі де жатқалы жатқанда, телефон шыр етіп қалды. Балаларды оятып жібере ме деп, дереу телефонға жүгірді. Бейтаныс әйел дәрігер: Сіздің күйеуіңіз қатты жарақатпен ауруханаға түсті, - деп өзінің жөн тұрағын айтты. - Құрсынай, аман болса екен! Балалары үшін аман болса екен! –деп тіледі Гүлбаршын (Б. Нұржекеев «Ерлі-зайыптылар»).

2. Сөйлемдердің айтылуы мақсатына қарай жіктелуі.

Сөйлемдерді салыстырайық:

1. *Кеше жаңбыр болды.*

2. *Бүгін жаңбыр жауа ма?*

3. *Жаңбыр астында жүрме!*

4. *Жаңбыр тоқтаса екен!*

Өзінің қатысымдық құрылымына қарай бірінші сөйлем белгілі бір дәлел жайында хабарлайды. Бұл хабарлы сөйлем. Екінші сөйлем бір нәрсе жайлы білу мақсатында. Бұл сұраулы сөйлем. :шінші сөйлем белгілі бір әрекетке бағыттайды, яғни ол бұйрықты сөйлем. Төртінші сөйлем тілек мағынасында. Мұндай сөйлемдер оптативті деп аталады.

Тұтас мәтінді мұндай байланыстағы сөйлемдердің төрт түрі де кездеседі.

Қожанасырдың тойға баруы.

Баяғыда біреу той жасапты. Тойға көп кісі жиналыпты. Қожанасыр да келіпті. Қожанасырдың үстіндегі киімі жаман екен. Қожанасырды ешкім елеменгі. «Төрге шық, тамақ іш», - демепті.

Қожанасыр үйден шығып кетеді де, үйіне барып, тәуір киімдерін киіп, қайта келеді.

Бұл жолы үй иесі Қожанасырды құрметтейді, төрден орын береді, реті келгенде:

- Хожеке алыңыз, алыңыз! – деп қошеметтейді.

Қожанасыр етті жемей, тамаққа шапанның жеңін малып:

- Же, шапаным, же, -деп отыра береді.

Үй иесі:

- Сіздің бұ не қылғаныңыз? Шапан ет жейтін бе еді? –дейді.

Сонда Қожанасыр:

- Сен кісіні сыйламайды екенсің, киімді сыйлайды екенсің.

Сондықтан шапанымға жегізіп отырғаным! – деп жауап береді.

3. Сөйлемдердің жалаң және жайылма болып жіктелуі.

Сөйлемдерді салыстырыңдар:

1. *Көктем келді.*

2. *Балалардың көптен бері зарыға күткен көктемі де келді.*

Соңғы сөйлем өзінің хабарлау мазмұны жағынан бай екендігі аңғарылады. Мұндай сөйлемдер жайылма сөйлемдер деп аталады. Оның жалаң сөйлемнен айырмашылығы, мұнда тек негізгі ой беріледі және тек негізгі құрылымдық сыңарлардан құралады. Жоғарыда келтірілген пікірлерді мысалдар арқылы дәлелдейік. Ол үшін мына мәтінді талдап көрейік.

Торғай

Бақша арасындағы жолмен аңнан келемін. Итім алдымда жүзгіріп бара жатқан. Ол кенет жүрісін тежеп, құстың иісін сезгендей төрт тағандап бұға бастады.

Мен ілгері жол бойына қарадым. Торғайдың сары жағал, ақ үрпек балапанын көрдім. Ол ұясынан құлап түсіпті. Жел жол жағалауындағы қайыңдардың басын теңселтіп тұр. Балапан жаңа ғана өсіп келе жатқан сүйрік қанатын дәрменсіз жайып, қимылсыз отыр.

Ит балапанға жақындай бергенде, кенет қара тамақ үлкен торғай ағаш басынан зу етіп, иттің дәл алдында келіп қонды. Байғұстың зересі ұшып, түсі бұзылып кеткен жүнін үрпитіп шырылдайды. Иттің арандай ашылған, ақсиган аузына қарай бір-екі тап берді.

Ол жан ұшырып өзінің балапаны үшін ажалға қарсы ұмтылды. Бал бөбегін балапанның өз денесімен бүркемек болды. Титтей денесі қорыққанынан дірілдеп, даусы шыр-шыр етеді. Балапаны үшін өзін-өзі құрбан еткелі безектеп тұр.

Мен итімді тез өзіме шақырдым. Кішкене ғана торғайдың ұлы аналық жүрегінің күші мені таң қалдырды. (И.Тургенов)

Мәтін мынандай мәселелер бойынша талданады.

1. Мәтіннің тақырыбын анықтау.
2. Мәтін неше қайырымнан тұратындығын ажыратып, қайырымдағы сөйлемдердің өзара байланысына топтасуын көрсету.
3. Әңгіменің кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлімдерін ажырату.
4. Мәтіндегі сөйлемдердің бір-бірімен байланысын анықтау.
5. Мәтіннің жағын, шағын анықтау.
6. Әңгіме мәтіннің түрін анықтау.
7. Мәтіннің қандай стильде жазылғанын дәлелдеу.
8. Мәтіннің құрамды бөліктері бойынша жоспар құру.

Жоғарыдағы сұрақтарға жауап бере отырып, мәтіннің құрылысын талдау нәтижесі мына төмендегіше болмақ:

Әңгіменің «Торғай» болуының себебі, балапанның арандай ашылған ажал тырнағынан арашалаған кішкене торғайдың әрекеті мәтіннің арқауы болған.

Мәтін бір-бірімен тізбекті байланысқан алты қайырымнан тұрады. Бірінші қайырым (*Бақша арасындағы жолмен аңнан келемін. Итім алдымда жүгіріп бара жатқан*) – мәтіннің кіріспе бөлімі. Екінші қайырымнан (*Ол кенет жүрісін тежей, құстың иісін сезгендей-ақ төрт тағандап бұға бастады*) соңғы қайырымның бірінші сөйлеміне (*Мен итімді тез өзіме шақырдым*) дейінгі сөйлемдер негізгі бөлімге жатады. Ал соңғы сөйлем (*Кішкене ғана торғайдың ұлы аналық жүрегінің күші мені таң қалдырды*) мәтіннің қорытындысы болып тұр.

Кіріспеде оқиғаның болған жері (*Бақша арасында...*) мен субъект туралы (*ит*) хабардар етіледі. Яғни негізгі бөлімде қандай мәселе, тақырып туралы әңгіме болатындығына негіз жасалады.

Негізгі бөлімде негізінен үш субъектке (*ит, балапан, торғай*) берілген предикаттар (яғни, болымды) жайында пікірлер баяндалады.

Қорытынды бөлімінде индуктивті ой қорытындысы жасалынған. Өйткені бұл қорытынды жекеден (торғайды мысалға келтіре отырып) жалпыға қарай (барлық ананың жүрегі жайында) жасалынған ой қорытындысы болып табылады.

Сонымен бірге, мәтін құрылымы бойынша да талданады. Мәселен, аталған мәтіннің кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерін ажыратып, өзіндік белгілерін топтастырсақ, мына сияқты болмақ.

Бірінші қайырымда автордың бақша арасындағы жолмен аңнан келе жатқаны айтылса, екінші қайырымда иттің құстың иісін сезген әрекеті, үшінші қайырымда жол бойында сүйір қанатын дәрменсіз жайып отырған балапан жайында, төртінші, бесінші қайырымдарда балапанын иттен қорғаған кішкене торғайдың әрекеттері баяндалады. Алтыншы қайырымда автордың ішкі сезімі сөз болады.

Мәтіндегі алты қайырым бір-бірімен тізбекті байланысқан. Яғни бір қайырымдағы ой-пікір екінші қайырымдағы ой-пікірмен оқиға жүйесі арқылы байланысады. Атап айтқанда, іс-әрекет, оқиғалар бірінен кейін бірі орындалады.

Сондықтан ол қайырымдардың орнын ауыстыруға келмейді.

Бірінші қайырым мен екінші қайырым **ит** және **ол** деген сөздер арқылы мағыналық байланысқа түскен, «*Мен ілгері жол бойымен қарадым. Торғайдың сары жағал ақ үрпек балапанын көрдім*» деген екі сөйлем бір-бірімен себеп салдары байланыста тұр. Өйткені бірінші себепті де, екінші сөйлем іс-әрекеттің салдары. Соңғы сөйлем «*Ол ұясынан құлап түсіпті*» деген сөйлем, балапан түскен. «*Ол ұясынан құлап түсіпті. Жел жол жағалауындағы қайыңдардың басын теңселтіп тұр*» деген екі

сөйлем себеп-салдары байланысқан. Бірінші сөйлем екінші сөйлемнің салдары, соңғы сөйлем – себебі, өйткені жел тұрып қайыңдардың басын қимылдатқандықтан, балапаны ұясынан құлағанын жеткізіп тұр. *«Торғайдың сары жағал, ақ үрпек балапанын көрдім. Балапан жаңа ғана өсіп келе жатқан сүйрік қанатын дәрменсіз жайып, қимылсыз отыр»* деген сөйлемдер *балапан* деген сөз арқылы мағыналық байланысқа түспек. *«Ит балапанға ептеп жақындай бергенде кенет қара тамақ үлкен торғай ағаш басынан зу етіп иттің дәл алдына келіп қалды. Байғұстың зересі ұшып, түсі бұзылып кеткен. Жүні үрпін шырылдауда»* деген сөйлемдер параллельді байланысқан, өйткені бұлардың орындарын алмастырғанмен мәтін мазмұнына нұқсан келмейді. *«Ол жан ұшырып өзінің балапаны үшін ажалға қарсы ұмтылды. Бал бөбегі балапанын өз денесімен бүркемек болды. Балапаны үшін өзін-өзі құрбан еткелі безектеп жүр»* деген үш сөйлем *балапан* деген сөз арқылы логикалық байланысқа түспек.

Мәтін бірінші жақта баяндалған, өйткені *мен келемін итім алдымда, қарадым, көрдім, шақырдым* деген сөздердің грамматикалық тұлғалары танытады.

Мәтін негізінде хабарлау мәнде жазылған. Алайда *«Торғайдың сары жағал, ақ үрпек балапанын көрдім. Балапан жаңа ғана өсіп келе жатқан сүйрік қанатын дәрменсіз жайып, қимылсыз отыр... кенет қара тамақ, үлкен торғай... Иттің арандай ашылған аузына, аңсиган тістеріне...»* деген сөйлемдер сөз жоқ сипаттауды аңғартса, *«Кішкене ғана торғайдың ұлы аналық жүрегінің күші мені таң қалдырды»* деген сөйлем пікір айтуға жатады.

Мәтін мазмұны үшінші жақпен баяндауға болатыны (*аңшы, келеді, ит алдында, ол қарады, көрді* т.б.) мысалдар арқылы грамматикалық тұлғалардың өзгеру жолы игеріледі.

Мәтін көркем әдебиет стилінде жазылған. Өйткені мәтіннің бойында суреттеу элементтері, теңеулер мен сезім эмоциялар пайдаланылған.

Мәтінді алты бөлікке бөліп, мына төмендегідей жоспар түзуге болады:

Жоспар

- 1. Аң аулаудан қайтып келе жату.*
- 2. Иттің әрекеті.*
- 3. Ақ үрпек балапан.*
- 4. Иттің балапанға жақындауы.*
- 5. :лкен торғайдың әрекеті.*
- 6. Автордың сезімі.*

Қорыта келгенде, мәтін өзіндік белгілері бар тілдік бірлік. Яғни бір немесе бірнеше қайырымдағы ой-пікірлерге топтаса байланысып, жүйелі мазмұнды білдіретін синтаксистік тұтастықтағы сөйлеу нәтижесі. Демек, мәтін белгілі бір бөлшектерден құралады.

Мәтін лингвистикалық жағынан алып қарағанда, өзара байланысқан ой (сөйлем) мен ой-пікірден (қайырымнан) құралады. Ал, сөйлеу нәтижесі жағынан алып қарағанда, кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұрады. Стилистикалық жағынан хабар, сипаттау, пікірлеуден түзіледі.

Мәтіннің құрылысы.

Көптеген ғалымдар мәтін композициясын (құрылысын) үш бөлекке бөледі. Олар кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды.

Х. Арғынов мәтіннің кіріспе бөлімінде сөз етілейін деп отырған оқиғаның қашан болғаны, мұны тудыратын себептер айтылады, негізгі бөлімінде сөз етіп отырған мәселе жөнінде түсінігін, деректерді, іс-әрекеттерді баяндайды, қорытынды бөлімінде сөз етіп отырған тақырыптан алған әсерін, тілек-мақсатын, өз пікірін білдіруді тиіс деп жүйелейді (4.89-93).

Көптеген ғалымдар мәтіннің үш түрі бар деп есептейді. Олар хабар, сипаттау және пікір айту. Сонымен бірге мәтіннің кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыдан тұратындығын айтады. Мысалы,

Алтын дән.

Қырман үсті құйын. Дәу маялар айыр ұшымен ұшырылып жатыр. Электр молотилка дән боратып тұр. Бункерлерден құйылған меруерт дән төбе-төбе үйіліп қалыпты. Қоршаған көлік, машина. Асығыс қимылдаған үлкендердің арасында мектеп оқушылары да жүр. Мұғалімдер қасында. Ортасында Жанат. Ұжымшар аулы дәл бүгін дәннен өзгенің бәрін ұмытқан секілді (Г. Мұстафин).

Бұл мәтіннің кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы бар. Мәтіннің (қырман үсті құйын), бірінші сөйлемі әңгіменің не туралы болатынын көрсетіп, кіріспе ролін атқарған. Ал 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 – сөйлемдер – мәтіннің негізі. Айтылар ой дәннің бастырылуы, үлкендер мен мектеп оқушылары жөніндегі хабар осы жеті сөйлемде берілген. Ал (Ұжымшар аулы дәл бүгін дәннен өзгенің бәрін ұмытқан секілді) соңғы сөйлем қорытынды ретінде қолданылған.

Жалпы мәтінде негізінде не субстанция (зат) немесе зат пен құбылыстың атрибуты (қасиеті) немесе ең соңында олардың бір-бірімен қатынасы жайында сөз болады. Зат пен объективті дүниедегі жанды-

жансыз нәрселерді айтатын болсақ, сол заттың сапасын, қимылын және күйін біз жалпы бір атпен заттың қасиеттері деп атаймыз.

Табиғат бір нәрсені екінші бір нәрсеге түрліше қатынастары бар заттардан тұрады. Таратып айтқанда,

бір заттың екінші заттан үлкен болуы мүмкін (кеңістік қатынас),

бір зат екінші заттың себебі болуы мүмкін (себептік қатынас),

бір зат екінші заттың мекені болуы мүмкін (мекендік қатынас),

бір зат екінші заттан бұрын пайда болуы мүмкін (уақыттық қатынас) т.б. мәтінде сөз болатындар осы үш категориялардың біреуіне сәйкес келтіріп жазылуы не айтылуы керек, яғни әңгіме мазмұны не зат, не оның қасиеті, не қатынасы жөнінде болмақ. Міне, сондықтан мәтіннің кіріспесінде зат (не құбылыс) атауы не оқиға болатын кеңістік пен уақыт сөз болады.

Өйткені уақыт пен кеңістік - үнемі қозғалыста болып отыратын материяның өмір сүруінің объективтік формасы.

Жоғарыда келтірілген мәтіннің кіріспесі (*Қырман үсті құйын*) болған іс-әрекеттің кеңістіктік қатынасын білдірсе, «*Ерте, ерте, ертеде*» деп басталатын ертегілердің кіріспесі оқиғалар жүйесінің уақыттық қатынасын білдіреді. «*Жамбыл – ұлы ақын*» деп басталатын мәтін кіріспесі ең негізгі категорияларының бірі, заттың атауынан басталып тұр.

Мәтіннің мазмұны объективті шындықты білдіретін пікірлер жиынтығынан құралады. Ал пікірлеу сөйлем арқылы беріледі. Сөйлемде әрқашан бір нәрсе туралы ақпарат айтылады. Онда не туралы сөз болса, ол бастауыш (субъект) деп аталады, ал сол зат туралы айтқанымыз баяндауыш (предикат) деп аталады. Мәтіндегі сөйлемдер әрқашанда субъект пен предикаттың үндесіп, байланысуынан болады.

Сөйлемдегі бастауыштың (субъектің) өзгеруіне байланысты сөйлемдегі ой не анық, не белгісіз болуы мүмкін. Бастауышы анық сөйлемдер – дара, күрделі және жалпы болып бөлінеді. Дара – бір ғана жеке ұғым бастауыштан тұрған сөйлем. Мысалы, Мұхтар Әуезов – қазақтың ұлы суреткері. Ұғымның сөйлемнің бір бөлшегі ғана бастауыш болып тұрған сөйлем.

Мысалы: *Кейбір оқушылар тіл білімінен терең білетінін көрсетті.*

Жалпы бастауышы заттардың не құбылыстардың класын көрсететін сөйлем. Мысалы, *үй жануарлары – сүт қоректілер.* Ал субъектісі белгісіз сөйлем – жақсыз сөйлем болады. Мысалы: *Шомылғым келеді.*

Сөйлемді баяндауыш тұрғысына қарай хабарлы, суретті, түсіндірме сөйлемдер деп бөлуге болады.

1. Хабарлы сөйлемнің баяндауышы – оқиғалар, нәрселер, үрдістер немесе іс-әрекеттер жайында айтылған сөздерден тұрады. Бастауыш мұнда әрқашанда нәрсенің күйінен, ұжымынан және хабарланатын нәрселер туралы көбінесе қатыстық жағынан баяндалады. Мысалы: *Өйткені ой аулада райханның гүлдеп тұрғанын хабарлау.*
2. Суретті сөйлемде бір немесе көп заттардың қандай да болса, бір қасиеті не көп қасиеттері жайында айтылады. Мысалы: *Сиыр сүті. Қар ақ. Гүл әдемі. Аспан көгілтір.* Мұндай сөйлемдерді суретті сөйлем деу себебіміз олардағы ой көбінесе суреттеуде қолданылатындығында болып отыр.
3. Түсіндірме сөйлем белгілі бір затты тектік ұғымға сәйкестендіру және бұл жерде баяндауыш нәрсенің ұғымын білдіреді. Мысалы: *Алтын – металл. Кит – сүт қоректі жануар.*

Мәтіннің негізгі бөліміндегі іс-әрекет оқиға болымды немесе болымсыз сөйлемдер арқылы беріледі. Егер субъектіге предикаты берсек, болымды сөйлем болады да, егер бастауыштан баяндауышты алсақ болымсыз сөйлем шығады.

Мысалы: *Балалар сабаққа түгел қатысты.* Бұл сөйлем болымды сөйлем, баяндауыш, бастауыш та бар.

Поезд уақытында келмеді. Бұл болымсыз сөйлем. Өйткені субъектіден предикат алып тасталынған.

Қорыта айтқанда, жазушы (не сөйлеуші) мәтіннің негізгі бөлімінде жоғарыдағы келтірілген сөйлемдерді пайдалана отырып субъект пен предикаттың қатынасын баяндайды, хабарлайды, суреттейді. Бұл әрекеттің арқасында адам түрлі-түрлі пікірлерді салыстыра, талдай отырып жеке не жалпы ой қорытындысына келеді.

Мәтіннің соңғы бөлімінде үш түрлі ой қорытындысының бірін жасауы мүмкін. Олар индуктивті, дедуктивті және анологиялық.

Индуктивті ой қорытындысы деп жеке фактілер мен құбылыстарды зерттеп, тексеруге сүйене отырып жалпы заңдылықтар мен ережелер жасау жолын айтады. Мысалы,

Түйе мен түлкі

Түйе өзен суына салқындап тұрған-ды. Өзен жағасына түлкі келіп:

- Уа, түйе, су терең бе екен? Мен де шомылып алсам қайтеді? – дейді.

- Терең-ақ, жүзе білмесең, судан рахат табамын деп ойлама.

- Сақалды басыңмен неге жалған сөйлейсің? Терең емес сенің тізеңнен ғана келіп тұрған жоқ па?

- Әркімнің өз биігі, өз төбесі бар. Сенің бойың менің тіземнен де төмен. Қолың жетпегенге кеңірдегіңді созып қайтесің?

- Мен сенің өтірігіңді шығарайын,- деп түлкі жарқабақтан суға қойып кетті. Түлкі суға батып, су жұтып тұншығып бара жатқан соң шыңғырып :

- Түйе, түйежан, бауырым, құтқара гөр, суға кеттім,- деді.

- Менің айтқанымның шындық, жан ашыр сөз екеніне көзің жетпей ме?- деп сұрады түйе саспай.

- Көзімнің жеткенін, жетпегенін жазаға шыққан соң айтайын, тезірек құрқара көрӘ – деп жалынды түлкі қақалып-шақалып.

- Бұл ақымаққа не дерсің, - деп түйе түлкіге ренжіді, су түбіне кетіп бара жатып та құлық істейді, қателігін мойындағысы келмейді.

Түлкі суға батып та кетті. Өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтын саған сол керек,-деп шағалалар шу-шу етті.

Бұл мәтінде жазушы түлкінің (субъектінің) іс-әрекеттерін баяндай отырып, жекеден (түлкіні мысалға ала отырып, жалпыға қарай өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтын) ой қорытындысын шығарған.

Б)Мәтін стилистикасы және оны талдауға үйрету

Стилистикадан білім мен дағды беруде қазақ тілін оқытудағы жалпы сабақтың түрлері қолданылады. Бірақ әрбір грамматикалық материалдарды таныстырып, лингвистикалық білім беруде оның қарым-қатынас құралы ретінде қолданылуынан да мәлімет пен дағды берілуі қажет. Сондықтан стилистиканы оқытуда сабақтың мазмұнына екі бағыттағы мақсат қойылады. Бағдарлама көлеміне сай тиісті материалды бойынша теориялық лингвистикалық білім мен дағды беру, екіншісі, стилистикалық білім мен дағды беру.

Сайып келгенде, бұл екі бағыт та бір-бірімен тығыз байланысты. Бірі тіл заңдылығын, ерекшелігін игерту болса, екіншісі, оның практикалық қолданудағы ерекшелігін таныту болмақ.

Мысалы, қазақ тіліндегі сөйлемнің тұрлаулы мүшесі бастауышты оқыту мен білім беруде, біріншіден, бастауыш дегеніміз қандай сөйлем мүшесі, ол қалай жасалады, қандай сұрақтарға жауап береді деген және тағы басқа ерекшеліктері танытылса, екінші жағынан бастауыш болатын сөздің сөйлемдегі орны оны ауыстыру себептері ойды жеткізудегі ерекшеліктері, т.б. мәселелері қарастырылады. Атап айтқанда, бастауыш болған сөздің инверсиялық тәсілінен мәлімет беріледі, яғни бастауышты сөйлемнің тіл стильдеріне қатысуы туралы білім мен дағды беру көзделеді.

Оқушыларды сөйлеуге (ауызша, жазбаша) дағдыландыру үшін стилистикалық материалдарымен және тіл ұстарту сабақтарымен байланыстыра жүргізуі қажет.

Қазіргі мектеп бағдарламасында және қазақ тілі грамматикасы оқулығында әдеби тілдің қызметтік стильдері туралы мәлімет беру қарастырылғанымен оның анықтамалары, олар туралы түсініктер тіл стильдерінің өзіндік ерекшеліктері, олардың тілдік құралдары туралы оқушылардың білім қоры да жас ерекшеліктеріне сай теориялық та, практикалық та мәліметтер берілмеген.

Сондықтан озат тәжірибелер мен бақылау және зерттеулерге сүйене отырып қазақ әдеби тіл стильдері туралы, олардың өзіндік ерекшеліктері мен тілдік құралдары туралы мектепте қазақ тілі пәні бойынша мына сияқты көлемде мәлімет беруге болады.

I. Ауызекі сөйлеу стилі. Сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланылады. Ол белгілі бір жағдайдағы тікелей қарым-қатынас стилі. Сондықтан сөйлеудің ауызша тұлғасымен тікелей байланысты. Адамдар бір-бірімен тікелей, әңгімелесіп, жауап

беріп, сұрап, өз пікірін жеткізеді. Ал кейде сөйлеуде еркіндік басым болып келеді.

Лексикалық ерекшеліктері. 1. Ауызекі сөйлеу тілі лексикасында күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген сөздер жеке ұшырайды. Бұл – сөйлеу стиліне, әдеттегідей, күнделікті тұрмыс сипат береді, тілдің халықтығын да танытады.

Үлгі:

- *Бөбекжан,-деді тоқтатып, - ағаң асығыс. Балшейбектің бір асығыс шаруасымен жүр екен.*

Азаматым Аман оралғасын әлі шай да ішілер, ет те желінер. Қазір, айналайын, нан ауыз тигіз. Қысылатын түгі жоқ. Иә, иә... бұндайда ырымын істесең болғаны (Ә. Нұрпейісов).

- *Әй, Нығмет! Қой, қоя ғой енді ойбай-ау, сол секілді асыл ағаң үйіңе қонақ болып келсе,- астына ат мінгізіп, үстіне шапан кигізіп жібермейсің бе?.. Мына екі жаман неменің еңсесі түсіп кетті ғой... Алажағың бар-ақ шығар. Бірақ қаза жолы ауыр ғой. Сен-ақ қия ғой. Көп болса көзі тіріде ағаңның астына мінгізген атың болар (Ә. Нұрпейісов).*

2. Ауызекі сөйлеу тілі стилінде күнделікті тұрмыс қолданатын қарапайым сөздер жиі ұшырасады. Мысалы,

- *Бала, мен бүгін де шөпті өндіре алмадым.*

- *Кем талапсың, шөп қайдан өнсін. Арқасынан күн өткен ешкі құсап үйден шыққасын-ақ шыжықтап қайтып кете бересің.*

- *Кетпесіме лаж бар ма? :йімде ауыз ашып отырған... анау бала шағаның түрі. Бәрі маған қарап отырғасын теңізге тор жайып, торға шабақ аулап кеткенім рас.*

3. Кейде ауызекі сөйлеу стилінде тұрпайы сөздер де кездеседі. Өйткені, айтушы (жазушы) өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мысалы,

- *Мылжыңдап барасың, антұрған.*

- *Құдай ақы, рас. Біздің қатынан құрт сұрап әкетті (Г. Мұстафин).*

4. Сөйлеу тілі стилінде диалектизмдер де кездеседі. Жазушылар өз кейіпкерінің характерін ашу үшін диалект сөздерді сол кейіпкердің сөзі ретінде әдейі пайдаланады. Мысалы,

- *Отағасы, не керек?*

- *Төртінші ауылдікі едім. Бір жерде отырған жиырма шақты үйміз. Бәріміз де кедейміз. Біздің кедей екендігімізді спескіден қараңыздар, өздеріңіз де білесіз. Осы кеңседе Байтас дейтін бар, со да біледі (Б. Майлин).*

5. Ауызекі сөйлеу стилінде әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін, ол өмір сүрген ортадағы жергілікті сөздерді жазушылар стильдік мақсатта әдейі пайдалана береді. Мысалы, М. Әуезов «Білекке білек» әңгімесінде Оңтүстік Қазақстанның жергілікті сөздерін әдейі қолдана салады.

- *Сен тағын, тағын бастадың ба? Қанша құрметқысам да болмай-ақ қойдың ғой, жүдә! Сен албасты! Секендеген шайтан! Қараңғы үйде жалғыз өзіңді қамап қояйын ба көзіңді бозартып...*

Қараң қалғыр, қоясың ба жоқ па? Тұр ғой міні мыналар адамша тып-тыныш. Әлде жын ұрды ма сені, түгеӘ

- *Үй... тілеуің құрысын, өл де маған... Секеңдеген албасты... Нақты - неткен бүкілсің сен... Құдай ұрып?!*

6. Ауызекі сөйлеу тілі стилінде кәсіби сөздер көбірек қолданылады. Әрбір кәсіптің маманы, кәсіп иесі немесе жол кәсіпорында жұмыс істейтін адамдар өздерінің күнделікті әңгімесінде, қарым-қатынасында сол кәсіпке байланысты сөздерді пайдаланады. Мысалы,

- *Есен бар ма? Мен бүгін сүген ұстардым. Бұйырған дегенді қойсайшы, аудың жалғыз көзіне сағалынан ғана ілініп тұр екен.*

- *Ол неменің асау болатыны қайда?*

- *Сөзіңе болайын, қыста балықта қау-қар бар ма? Жалғыз шөңгеге ілінсе болғаны – тырп етпейді (Ә. Нұрпейісов).*

7. Ауыспалы мағынада келтірілген бейнелі сөздер – сол әңгімеге объект болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды не жағымсыз көзқарасын білдіруге құралады. Сөйлеу тілінде эмоционалдық қасиет күшті болғандықтан, бұл құралдар ауызекі әңгімеде көбірек пайдаланылады. Мысалы,

- *Еламан аға,- деді Тәңірберген,- білем, бізге өкпелісің. Өкпең орынды да...*

- *Жә, қайтесің...*

- *Жоқ, Ел аға, көңіл кірі қайтса кетеді. Мен алдымен өз ағамды мақұл демеймін. Ол менің қай айтқанымды тыңдап тұр. Әйтпесе, іргелес отырған ағайынмен жауласпа, бір-біріңнің есіктеріңнен бас сұғып, жүзіңді жылытып ал деп талай кеңес бердім (Ә. Нұрпейісов).*

8. Сөйлеу тілі стилінде фразеологизмдер көбірек қолданылады. Кейде тұрақты тіркестер сөйлеу тілі ыңғайына бейімделеді. Мысалы,

- *Қалқам!.. Арыздықты қой... Мені ренжітпеймін дейтінің қайда? Сен үйге бармаған соң, мен тірі өліп жүрмін ғой... Жұртқа қарайтын бетім қалмады... Жүр үйге барайық! (Б. Майлин).*

Морфологиялық ерекшеліктер. 1. Ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Сөздің экспрессивтігі мен эмоционалдығын арттыру үшін *-ақ, -ау, -мыс, -ғой* шылаулары ойға түрлі мағыналық рең беру үшін пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу тілінде шартты райдың *-са, -се* формасы арқылы құралған құрмаластың бағыныңқылы компонентінен *-ма, -ме, -ғой, -бар ғой* тәрізді шылаулар мен күшейткіш мағыналы сөздер қосылып, эмоцияды реңкке ие болады. Мысалы,

- Балаңыз бала-ақ, жеңгей, қатты риза болды оған
(М. Иманжанов).
- Түф! Бұлар деген нар жігіттер ғой (Г. Мұстафин).
- Ойбай, Жақа-ау! Ол – Жоламанның дүмпуі ғой (Г.Мұстафин).
- Жанның бәрі қасқыр емес-ау! (М. Әуезов)
- Ертеңгі күні құтпан айғырдай ел шетін торып, азынап шыға келер әлі-ақ (Ә. Нұрпейісов).
- Айналайын-ау, заты әйел демесең, еркекке бергісіз-ау! (С. Жүнісов)
- Әй бәлем, қолға түспедің-ау! Егер қолға түссе ме, калпитар ем бәлемді! (С. Мұқанов)

2. Ауызекі тілде сын есімнің шырай жұрнақтары үстемеленіп жалғануы, яғни қосарланып келуі жиі ұшырасады, үлкен-ірек-теу, мол-ырақ-тау, Жуан-ырақ-тау, жіңішке-рек-теу, т.б. Мысалы: Тамақтың тұзы молырақтау салынған екен.

3. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келген соң шылауы кейде қысқартылып, жалғау тәрізді түрде айтылады. Мен мектепке барған соң... Мен мектепке барғасын...

Сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдер көбірек пайдаланылады. *Сәбит-Сәке, Мұхтар-Мұха, Мәлік-Мәке, Еркеш-Еркетай, Ерден-Ердентай, т.б.*

Осының шын зой, Әлеке, ә! Тап осы жерің жалпақтау-ау Әлеке, өзің байқамай жүрсің-ау деймін (Б.Майлин). Құлеке-ау не болды айтсаңшы.

Ауызекі сөйлеу стилінде тілдің көркемдегіш, бейнелеуші тәсілдері жиі қолданылады. Мысалдар: Теңеу: *Өгіздей бір неміс өңкііп алдымнан тұра келді (Г. Мүсірепов).* Эпитет: *Көлдің теріскей жағы мен күнгеі жағында өскен жібектей майда қоңыр шалғынның арасында нелер тәтті қиялға баспадым.* Гипербола: *Үй тар болғанымен, көңіл дариядай, сиямыз.* Литота: *-Мен тұрғанда мынау көк аспан, көл теңгедей ғана еді де, жер кеседей еді,-депті («Ертегі»).* Менен оларға тиетін инедей пайда жоқ (М.Әуезов).

Синтаксистік ерекшеліктер. Ауызекі сөйлеу стилінің басқа стильдерден өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен, синтаксистен – сөйлем құрылымынан байқалады. Мәселен, ондай стильде сұраулы және лепті сөйлемдер көп қатысады: екі немесе одан да көп кісінің сөздері диалогқа құрылады. Мысалдар:

- Жалғyzым! Сенен басқа сүйенетінім бар ма еді?
- Неге кешіктің? Мені неге қинадың? (М. Әуезов)
- Қарағым-ай, қазақпысың?
- Иә, қазақпын.
- Қазақ болсаң, қарағым-ай, қара қазақпысың, өкіметтің кісімісің?
- Өкіметтің кісісімін.
- Ендеше, қарағым-ай, сүйемелдеп жібер, мен сияқты нашар кісіні (С. Мұқанов).

Диалогқа құрылған сөйлемдерде ой тұжырымды, әрі әсерлі болу үшін толымсыз, жалаң сөйлемдер жиі қолданылады.

- *Есенсіз бе?*

- *Шүкір.*

- *Осы ауылдікісіз бе?*

- *Осы ауыл... (Б. Майлин)*

- *Газет басқармасы осы ма?*

- *Осы.*

- *Ендеше, менің арызым бар, мен оны қалай берсем екен?*

- *Жазыңыз да беріңіз (Б. Майлин).*

Сөз қайталау тәсілі кездеседі. Сөйлем мүшелері орын ауыстырып қолданылады. Мысалы: *Көрдің бе? Көрдің. Алдың ба? Алдың. Айтқаным-айтқан, дегенім-деген. Сұрағаным-сұраған.*

Баяндауыш: *Орныға отыр – Отыр орныға.*

Толықтауыш: *Менде не ақысы бар? – Не ақысы бар менде?* Шартты рай тұлғалы бағыныңқылы сөйлем ауызекі сөйлеу стилінде көбірек кездеседі. Мысалдар,

- *Ағаң айтса, бересің бе? Машина шықса, қайтадан тосасың? Арқамды күн шалмайтын дейтін Әбділдә бүліншілік тілемесе, нені тілейді (М. Әуезов).*

Ауызекі сөйлеу тілінде көсемшенің *-ып, -іп, -п* формасы арқылы құрмалас сөйлем жасаудың да жазба тілге қарағанда, өзіндік ерекшелігі бар: *Баланың сөзін сөз деп, о несі-ай мағанӘ*

Ақыл айтып, ел бол деудің орнына, желіктіріп, көрдің бе істеп жүргенін. :йір қыламын деп, басыңа секіртіп жүрме (Б. Майлин).

II. Іс-қағаздар немесе ресми стиль.

Стильдің бұл түрі де қатнас құралы ретінде қызмет ететін күнделікті өмір қажеттілігінен туған жүйелер жиынтығы іспетті. Бұлар, іс-қағаздары қалыптасқан белгілі қалып бойынша жазылады. Ол қалыптың түрлі үлгілері болады. Ресми қағаздар да бірнеше түрге бөлінеді. Олардың кейбірінің алдын-ала дайындалған арнаулы қағаздары (бланк) болады. Ресми стильге тән сөздер мен сөз тіркестері және оның өз сөз қолдану тәсілдері бар.

Мәселен, анықтама берілді, осы анықтама талап еткен орынға тапсыру үшін... т.б. тіркестер, қабылдау актілерінде бірінші жағынан, екінші жағынан, акт тапсырушы, қабылдаушы мен, біз, қол қоюшылар, өткіздім, қабылдап алдым, т.б. деген сияқты өзіндік сөздер қолданылады. Іс-қағаздар мен ресми стильде экспрессивті-эмоционалдық сөз тіркестері өте сирек пайдаланылады, ондай сөздер құттықтаулар мен үндеулерде де жиі кездеседі.

Грамматикалық ерекшеліктер тұрғысынан алғанда да, мұндай қағаздар қалыптасқан үлгіде баяндау тәсілінде жазылып, сөйлемдері тиянақты, ойы аяқталған болып келеді де, көбінесе баяндау, бұйыру, үндеу ыңғайында болады.

Мәселен, *ондай документтерде орындау міндеттелсін жақсарту көзделісін, мекемеге тапсырылсын, жүзеге асырылсын, ұйымдастыру қолға алынсын, баса көңіл бөлінсін, ескеріп отыратын болсын, қамтамасыз етілсін, баса назар аударылсын*, т.б. күрделі тіркестер мен терминдік қатарлар көбірек кездеседі.

Ресми стильде сөйлемнің баяндаушы тұжырымдылық пен нақтылықты білдіру үшін көбінесе ырықсыз етістік формасында тұрады... *орындалсын, өткізілсін, жеткізілсін, арттырылсын, міндеттелінсін, т.б.*

Іс-қағаздарын өткен шақ формасында жазу жиі кездеседі: *берілді, акт жасалды, мәжілім болды, тапсырылды, жүктелді, міндеттелді, т.б.*

III. Ғылыми стиль. Ғылыми стиль – жазба стильдің бір түрі. Оған әр мамандық, әр салада жазылған ғылыми шығармалар тілі жатады.

Ғылыми стиль зерттеу объектісін зат не құбылысты ғылыми тұрғыдан сипаттап, дәлелдеп, түсіндіруді керек етеді.

1-үлгі. *Египетте құл иеленуші құрылыс қалыптаса бастады. Құл иеленуші құрылыс тұсында бір адамдар құл иеленушілер-екінші бір адамдарды иелеп алып, соларды қажайды. Солардың еңбегі мен өмірін ырқына көндіріп, билеп отырады (Ф.П.Коровкин. Ежелгі дүние тарихы).*

2-үлгі. *Сүт адам организміне өте пайдалы екендігі аян. Қой сүтінің құрамында белок және басқа пайдалы заттар, 6-7 процент май бар. Сондықтан қой сауатын машиналар жасау керек болды. Чехословакия ғалымдары сағатына 800 бас қой сауатын машина жасады. Мұндай машина Болгарияда да жасалды. Бұл машиналар адам күшін көп керексінбейді («Зерде»).*

Ғылыми стильде етістіктерді қолдануда өзіндік ерекшелік байқалады. Көбінесе ғылыми мақалалар мен лекцияларда етістік ырықсыз формада жұмсалады, ол кейде матаса байланысу түрінде кездеседі. Мәселен: *Сұйық шапшаң кепкен кездегі су құбылысы практикада кең қолданылады. Қайнау кезінде сұйықтық температурасы өзгермейді.*

Екі теріс санның көбейтіндісі оң сан болып, нүктенің орны әдетте екі санмен анықталады. Теріс санның қай-қайсысы болса да оң санның кез келгенінен кіші болады.

Егер тозаңдау болмаса, өсімдік гүлдеп, гүлін төгеді, бірақ жеміс салмайды. Сүзгілі түтіктер арқылы өсімдіктердің барлық органдарына жапырақтан органикалық заттар өтеді.

Кейде ғылыми стильдегі сабақтас құрмалас сөйлемдердің бірінші жай сөйлемнің баяндауышы шартты формасы арқылы жасалып екінші бөлігі ойда тиянақтау, дәлелдеу, анықтау тәсілдеріне арналады. Мысалы: *Бұл денеге қағаз қиқымдарын тақап ұстап көру керек, сонда дене оларды өзіне тартатын болса, ол дененің электрленгені. Егер эбонит таяқша тебілсе, онда оған жақындатылған дененің заряды тектес болғаны... Егер өсімдіктердің тұқымындағы ұрықтың тұқым жарғағы екеу болса, оны қос жарғақтыларға жатқызады.*

Ғылыми стильде өсімдіктер көбінесе бірінші жақтың көпше түрінде келеді де, баяндауышы жіктік жалғауда қолданылады. Мысалдар: Бұл тәжірибеде біз токтың механикалық әсерін бақылап отырамыз, электр тогы дегеніміз заряд алған бөлшектердің өткізгіш ішіндегі реттелген қозғалыс екендігін білеміз, енді біз тек қосу не азайту таңбаларын кез келген өрнектің қосындысы деп қарастыруымызға болады.

Әрбір ғылым саласының баяндау тәсілінде өзгешелік, ерекшелік болады, көбінесе хабарлы сөйлемдер қолданылады, кейде санамалап көрсететін күрделі құрылымдар пайдаланылады. Мысалдар: *Орыс командованиясында соғыс жүргізу туралы бірыңғай пікір болған жоқ, демек соғыс қимылдарының да бірыңғай жоспары болмады. Генералдардың бірі бірден шабуылға шығып, соғыс қимылдарын Польша жерінде жүргізуді ұсынды, ал екіншілері Наполеонды шекараға таяу жердегі бекіністі лагерьде тосып алуды ұсынды, үшіншілері дұшпанның күші басым болғандықтан, елдің ішкері жағына қарай шегіну керек дегенді айтты.*

Ғылыми стильде негізгі зерттеу объектісі болатын зат пен құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді, түсіндіруді қажет етеді. Ол үшін дұрыс ойлау, логика заңына сүйенеді. Оқушы мен тыңдаушыға түсінікті,

дәлелді, тұжырымды болу мақсет етіледі. Тілдік тәсілдер ғылым мәселеліне бағындырыла отырып пайдаланылады.

IV. Публицистикалық стиль. Публицистикалық стильге қойылатын талап қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді көңілге қонымды болу. Ол – тілдік құралдарды қолдана білуден байқалады. Публицистика қоғам өмірімен тығыз байланысты болады. Публицистиканың үгіт-насихаттың сипаты басым. Публицистика өзінің тіркестерін сұрыптап, қолданады, қажет синтаксистік құрылысты пайдаланады.

Публицистикалық стиль жазбаша және ауызша тұлғаларда қолданыла береді. Мәселен, оның ауызша түріне радио, теледидар шолушылар мен комментаторлардың әңгімелерін және т.б. жатқызуға болады. Сондай-ақ газет, журналдардағы әңгіме, интервью, очерк, т.б. екі мәтінді келтірейік.

1. *Еркін көсілген байтақ өлке – менің елім, күн келбетті, нұр сәулетті Қазақстан.*

Жасыл шүйгін, кең жайлау, асау өзен, асқар тау, кербез орман, көркем бел, жұпар, ерке жел...

Жанға сая панамыз - ҚазақстанӘ

Аспаны ашық, таза көк мөлдір, көлдері бар көз жасындай мөп-мөлдір... Бәрінен де жаны таза, бәрінен де сыры мөлдір ұл өсірген, қыз өсірген туған жер...

Біздің асыл анамыз - Қазақстан.

2. *Жыл мен топыраққа түтіккен Жамалдың жүзінде бұл шақта басқа бір шырай бар еді. Ол енді жұбайын сағынған әйел, ұлын сүйген ана ғана емес, әлгі бір көк болат темірдей тегеурінді ер - еңбек адамы.*

Қысқы үскірік, жазғы ыстық бұл әйелге бұйым емес. Мақсат мүддесі біреу-ақ: жауды жеңу, ол үшін мандай селін ағызу...

Күн батса да өңірді тас қараңғы түнек басады. Мұнай қаласы көзін жұмып жіберіп, сыйымсыз денесіз түн қойнына тығып, қымтап тастайды. Соғыс кезі, жағдай осылай. Бұл атырапты жау көзінен жасырғысы келгендей, аспандағы ай да ақ сәулесін шымылдықтай жинап алып, жүректері дүрсілдеп, дамылсыз соғады да тұрады. Көк болат темір жер бетін әжімдей айғыздап, дамылсыз жылжиды да жатады. Көк болат темір тау өзеніндей сарқырап, ақ қазанға қара көк мұнай тасқынын дамылсыз құяды да жатады. Бұл арадағы бар қимылдың тұтқасы оператор Жамалдың қолында (Газеттен).

Публицистикалық стильде перифраз жиі кездеседі, айтылмақшы зат пен құбылысқа оқушы назарын аудару үшін ол зат пен құбылысты басқа экспрессивті-эмоционалды реңі бар сөздермен ауыстыруда жиі қолданылады.

Мысалдар: жүгері – дала падашысы, мақта – ақ алтын, көмір – қара алтын.

... Қазақ халқының ағартушы-ғалымы және тұңғыш педагогы Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) өз халқының орыс халқымен достық қатынасының жалынды насихатшысы ғана емес, алғашқы қарлығаштарының да бірі болады. Ол – қазақ халқына ағарту, орыс білімі мен ғылымын кең тарату жолында бел байлаған үлкен күрестер еді.

Публицистикалық стильде жалпы саяси лексика, интернационалды терминдер жиі қолданылады: жоспар, парламент, сенат, өкімет, мәжіліс, т.б.

Публицистикалық стильде күрделі тіркестер, штамп сөздер жиі қолданылады. Әсіресе, күнделікті баспасөз (газет, журнал) беттерінде

мынадай тіркестер жиі ұшырайды: жоғары көрсеткіштерге жете, бастамаларын қостай отырып, жоспарын асыра орындады, кеңінен өрістетіледі, т.б.

«Қостанай облысындағы шаруашылықтардың бастамасы бойынша, көктемгі егіске ойдағыдай әзірлену, астық өндіру мен мемлекетке астық сату жөнінде тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс кеңінен өрістетілді... Бастамашылар өз уәделерінде берік тұрғанын дәлелденген».

Публицистикалық стильде көркем сөз тәсілдерінің барлығы, сондай-ақ тұрақты сөз тіркестері, мақал мен мәтелдер, афоризмдер мол пайдаланылады.

«Кәрі Қаратау жотасы ажарлы. Күлімдеген күн көзінің аялаған нұрының астында шашырай жайылған қойдың алдын қайырмай, еркін жіберген Тұрсынбай қоржынындағы кітапқа қол салды. Теріскендей салқын самал соғып тұр. Жігіт жалпақ сұр тастың үстінде жайлана отырып, кітап беттеріне үңілді. Шыңғыс Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» шығармасын оқып жүр, толғанып жүр. Қарапайым еңбек адамдары жайлы қалай шынайы жазады. Иә, баяғының қойшысындай, ой бақпай, қой бағып ғана жүру – бізге ұят. Бүгінгі күннің талабы солай...»

Публицистикалық стильде тілдің көркемдегіш тәсілдері, әсіресе, риторикалық сұраулар, сөз қайталаулар да мол қолданылады: *...Дала дидары да биыл дән дариясынан әсем келбет тапқандай құлпырып кеткен. Ақ бидайдың алтын сабақтары бастарын төмен иіп, жер анаға тағзым еткендей. Ең гажжабы осынау кең алқапта теңіз болып телбелген егін жай ұқыпты қолмен орналастырғандай теп-тегіс, тап-таза. Мұсаның қуанатыны – диқанның маңдай терінен нәр алып, жайқалған ұлан-ғайыр мол астықтың шығымы, көңіліне күдік алатыны соны*

ысырапсыз қамбаға құю. Иә, ойлы азаматты, осындағы ауыл ағасын, бұл жағдайлардың тебірентіп, толғандыруы әбден-ақ заңды еді. Өйткені «Талапты» ұжымдары егістігінің тең жарымдайы осы Мұса Әбдібеков отбасыларының үлесіне тиген (Газеттен).

V. Көркем әдебиет тілінің стилі. Көркем әдебиет стилі ой мен сезімді образдар арқылы бейнелейді. Соған лайықты сөздер сөз тіркесі және синтаксистік оралымдар пайдаланылады. Жалпы алғанда, көркем әдебиет стилінің мынадай ерекшеліктері кездеседі. Сөз арқылы автор көркем образ жасайды. Баяндамайды, суреттейді. Сондықтан тілдік құралдардың көркемдік, бейнелік және суреттеме қасиеттерін жан-жақты аша түседі.

Көркем әдебиет тілі экспрессивті және эмоционалды болады. Жазушы оқушыға көркем образ арқылы әсер етеді. Көркем әдебиет стилі тіл стильдерінің басқа сөздер мен тұлғалары өзінше құбылтып, өз мақсаттарына лайықты пайдаланады. Көркем шығармада сөздерді түрлі ауыспалы мағынада қолдану жиі ұшырасады.

Үлгі:

Бақтыгүлға алғашқы күндерден бастап-ақ суық хабарлар жетіп жатты. Съезд басында болыстың өзі де бар еді дейді. Съезд басында билер кісісіне өлгеніне қатал. Кесек үлкен Шалқардың атқа мінген билері мен жуандары болып, болысты ортасына ала отырып, ұрыны аямасқа «аруақ-құдай» десіп аттаныпты. Кеңесіп отырып, жиырма кісіні «ұры» деп қаттап алыпты деген сыбыр бар (М. Әуезов).

Көркем әдеби стильде бейнелеуіш, суреттеме құралдар: теңеу, метафора, метонимия, эпитет, синекдоха, т.б. жиі кездеседі.

Жалпы алғанда, оқушыларға мәтін түздіруге дағдыландыруда әдеби тіл нормаларының алатын орны ерекше.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Президентіміз И.А.Каримов айтқанындай : « Барлық уақыт өз тарихын білген, одан рухани қуат алатын халықты жеңіп болмас екен, біз нағыз шын тарихымызды тіктеуіміз, халқымызды, ұлтымызды сол тарихпен құралдандыруымыз қажет. Тарихпен құралдандыру және бір рет құралдандыруымыз керек,-» деген сөздері тарих пен халықтың ажыралмас бір екендігін көрсетеді. Ал халық болған жерде тіл жасайды. Осы әрбір халықтың келешегі болған жастарды тәрбиелеу, олардың тілін дамыту бүгінгі ұстаз міндеті, борышы болмақ.

Қазақ тілі лексикасы аса бай стильдік көркемдегіш құралдары жетілген тілдердің қатарына жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каримов И. А. Янгича фикрлаш – давр талаби, ө-том, Тошкент, «Узбекистон» 1997
2. Каримов И. А. Тарихий хотирасиз келажак йук, Тошкент, «Узбекистон» 1998
3. Каримов И. А. Узбекистон ХХІ асрга интилмоқда, Тошкент, «Узбекистон» 1999
4. Ақшолақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту, Алматы, «Рауан»1994
5. Ақшолақов Т. Қазақ әдебиетін оқыту (әдістемелі нұсқау), Алматы, «Рауан» 1993
6. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Оқу әдістемелік шығармалар, Алматы 1988
7. Дайрабаев Е. «Жоғары кластағы жазу жұмысының методикасы жөнінде» кітапта Мектепте қазақ әдебиетін оқыту, Алматы, «Мектеп» 1968
8. Бозжанова Қ. Бастауыш мектепте оқушылардың оқу датдысын қалыптастыру, Алматы 1989
9. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, 1988
10. Жапбаров А. Оқушылардың ауызекі сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру, Алматы 2002
11. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теория және әдістеме, Алматы 2002
12. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991
13. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология Алматы, Рауан 1993
14. А.Ибатов. Қазақ тілі морфологиясының тарихы. Алматы, 1997
15. Ә.Төлеуов. Қазақ тіліндегі есімдер. Алматы, 1996
16. Ы. Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1990
17. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы. }Санат{1994
18. Т.Сайранбаев. Синтаксистік кейбір мәселелері. Алматы, 1996
19. Ұйықбаев И, Әлімжанов Д, Кәтенбаева Б, Ошақов А. «Қазақ тілі методикасының мәселелері» Алматы «Мектеп» 1996
20. Ұйықбаев И. «Қазақ тілін оқыту мәселелері» Алматы 1995